


"Өзіміздің Би-аға"

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**



"Арқалық қаласы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығының" ұйымдастыруымен даңқты жерлесіміз, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Б.Майлиннің 125 жылдығына арналған "Өзіміздің Би-аға" атты жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Қала деңгейінде алғаш рет қашықтықтан өткізілген жазба ақындар жыр додасына үміттерін үкілеген 11 үміткер қатысты. Жыр жүйріктерінің бөйгесіне ақын, бірнеше жыр жинақтарының авторы, ҚР "Білім беру ісінің үздігі" Мол-

датай Жапаров бастаған казылар алқасы бағасын берді.

Мүшәйраның марапаттау рәсімінде тарих тұлғасы Бейімбет Майлиннің өмір жолынан деректі фильм көрсетілді.

Бас жүлдені Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ІІІ курс студенті Ибадат Қойшыбай қанжығасына байлады. Жүлделі І орынды облыстық "Дала өлкесі тарихы" музейінің ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев, ІІ орынды институт студенті Рамазан Сарманов, ІІІ орынды №10 мектептің 11-сынып оқушысы Әлібек Бекет иеленді.

Қатысушылардың барлығы алғыс хат, естелік сыйлықтармен марапатталып, жеңімпаз-жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Арқалық қаласы.

**СУРЕТТЕ: мүшәйра жеңімпазы И.Қойшыбай.
Суретті түсірген автор.**